

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын -орталығы.

Тобы: «Жұлдыз-ай» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 01-05 сәуір 2024 жыл

Күнтәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кеңес беру	Ата-аналармен "Баланың қоғаммен өзара әрекеттесуі" тақырыбында әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты: Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезенің ернек тақтайын дымқыл шүберекпен сүрту. (әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)				
	"Скафандр киеміз" саусак жаттығуы. (педагог сөздерін өзі айтып, қимылдарын балалармен бірге жасайды). Арманшыл баламыз, (бас бармақтар жоғары) Ғарышкер боламыз. (жұдырықтарды түйіп шынтақты бүгу) Бір аяқты өткізіп, (қол белде, аяқ көтеріліп, орнына тұрады) Екіншіні саламыз. (қол белде, екінші аяқ көтеріліп, орнына тұрады) (әлеуметтік- эмоционалды,	Ойын-жаттығу "Зымыран". Мақсаты. Балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету; текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, бағанды қалап, призмаларды баған үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру. (шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)	Ойын-жаттығу "Ұшақ ойыншығымен танысу". Мақсаты. Балалардың ұшақтың ерекшеліктері мен бөлшектері арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; әуе көліктерін ажыратып, атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен ұшақ бөлшектеріне тәжірибе жұмыстарын жасауға, нысандарды	«Ұшақтар» саусак жаттығуы Қане, қанат жазайық, Ұшақ боп ұшайық. Ұшып - ұшып алайық, Орнымызға қонайық. (танымдық- зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)	Үстел үсті ойыны. «Есіңе сақта». Балаларға 5 әртүрлі сурет көрсетіледі, сосын педагог көздерін жұмуларын ұсынады да, 1 суретті алып тастайды, балалар қай суретті алып тастағанын айтады. Педагог балалардың қаншалықты естеріне сақтағандарын байқайды. (шығармашылық, коммуникативтік танымдық-зияткерлік іс -әрекет)

	коммуникативтік іс - әрекет)		салыстыруға қызығушылықтарын дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)		
Танертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығу кешені №1 (сәуір айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шеңбері Мақсаты. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабак түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік!(әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету. (физикалық коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Музыка Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; Әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; Музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; Музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; (шығармашылық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларды тізені биікке көтере отырып жүруге үйрету; жылдам (10-20 метр) қарқында жүгіру дағдысын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру; негізгі қимылдарды орындауға ынталандыру. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Қазақ тілі Педагог жоспары бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларда екі аяқпен тура секіру дағдыларын қалыптастыру; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты екі қолмен домалату дағдыларын жетілдіру. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)</p>

Серуенге дайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)				
Серуен	<p>Желді бақылау. Мақсаты: ауа-райының өзгеруі туралы түсініктерді нығайтуды жалғастыру; жел, оның қасиеттері туралы түсініктерін қалыптастыру; желдің бағытын анықтауға үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Кім жоғары?" Мақсаты: жүгіру жылдамдығын дамыту. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>Құстарды бақылау. Мақсаты: құстарға қамқорлық жасауға деген ұмтылысты дамыту; құстардың атауын және олардың дене мүшелерінің атауларын атауға үйрету; құстардың айырмашылығы мен ұқсастығын таба білуге жаттығу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қарға мен торғай" Мақсаты: кеңістіктегі бағдарлауды үйретуді жалғастыру, бір-біріне соқтығыспау қабілетін дамыту; педагогтің бұйрығын тындау; достық қарым-қатынасты дамыту. (физикалық, коммуникативтік танымдық-зияткерлік іс-әрекет)</p>	<p>Сауысқанды бақылау. Мақсаты: жылдың осы уақытында құстардың мінез-құлқы туралы түсініктерін кеңейту, білімді жана сөздермен, ұғымдармен байыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстар". Мақсаты: қимылдарды мәтінмен үйлестіре білуге жаттығу. (физикалық, коммуникативтік әлеуметтік-эмоционалды іс-әрекет)</p>	<p>Ауа райын бақылау. Мақсаты: табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы білімдерін бекіту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Құстардың ұшуы". Мақсаты: педагогтің белгісі бойынша әрекеттерді тез орындауға үйрету. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>Талды бақылау. Мақсаты: талдың өзіне тән белгілерімен таныстыру; талды басқа ағаштар мен бұталардан ажыратуға үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет) Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маған қарай жүгіріндер". Мақсаты: баяу тузу жолмен жүруді, секіргенде тізе бүгуді үйрету, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге, мұғалімнің белгісі бойынша жылдам әрекет етуге үйрету. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды жетілдіру. Өз-өзіне қызмет ету дағдыларын топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Ертеңгіліктерде айтатын әндерін тақпақтарын қайталап айту және т.б. жаттату. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)				

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар арқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Ойын-жаттығу Балаларды жиһаздарды сипаттау тәртібімен таныстыру Жиһаздардың қасиеттері мен қолдану аясы туралы мәліметтер беру. Ой қабілетін дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Ойын-жаттығу Балаларды тіке жатқан қағаз бетіне зымыран суретін салуға үйрету; Қағаз ортасына үлкен сопақша пішінін, бір нүктеден бастап, Қарындашты қағаз бетінен алмай, сопақша ізімен жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізу амалын қайталау. (шығармашылық, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Ойын-жаттығу Балалардың дыбыс, қимыл саны туралы түсініктерін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін жетілдіру; ғарышкер мамандығы туралы мағлұмат беру. (коммуникативтік танымдық-зияткерлік іс - әрекет)</p>	<p>Ойын-жаттығу Балалардың жаңа әнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; Әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; Музыкалық жетекшімен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; Музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; (шығармашылық, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Ойын-жаттығу Балаларды әуе көлігі ұшақпен таныстыра отырып, ұшақтың маңызы туралы мәліметті зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; Ұшақтың адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру және ұшақтың құрылысымен таныстыру; Ұшақ туралы сөздерді балалардың өздеріне қайталай білуге дағдыландыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Сулейменов Муслим Жеңіс Ахмет Серикжан Томирис Жұмбақтар жасыру. Орақ болып туады, Табақ болып тынады. (Ай) Әлемнің бар екі күзетшісі; Бірі-күндіз тынығады, Бірі-түнде тынығады. (Күн мен ай) Бейнесі суда дірілдейді, Қармаққа бірақ ілінбейді (Ай) (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -</p>	<p>Сулейменов Муслим Жеңіс Ахмет Серикжан Томирис "Ғарышқа самғап ұшайық." Балалар, бәріміз орнымыздан тұрып, ұшақ болып ұшып, біраз сергіп алайықшы! Ғарышқа самғап ұшайық (саусақтарын бүгіп қолдарын жоғары-төмен қозғау), Аспан төсін құшайық (кеуде алдында бүгілген қолдарымен өзін құшақтау).</p>	<p>Сулейменов Муслим Жеңіс Ахмет Серикжан Томирис Пішіні бойынша таңда" (топшан жұмыс) Мақсаты:- Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту, заттардың пішінін дұрыс атау. (шығармашылық танымдық-зияткерлік іс - әрекет)</p>	<p>Сулейменов Муслим "Лото-жануарлар" үстел ойыны. Мақсаты. -Үй жануарлары мен жабайы жануарларды топтастыруға және жалпы атауларын атауға үйрету. Зейінді, байқауды дамыту. (коммуникативтік танымдық-зияткерлік іс - әрекет)</p>	<p>Серикжан Томирис Ненің төлі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: -Балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық, коммуникативтік іс - әрекет)</p>

	әрекет)	Қанаттарды кең жайып (қолдарды жап-жаққа тік жаю) (коммуникативтік әлеуметтік-эмоционалдыс - әрекет)			
Балалардың үйіне қайтуы	Психолог кеңесі. Мысалы: "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?"	Балаңыз туралы не білу керектігі туралы әңгімелесу.	Кеңес: "Неліктен бала тындамайды?"	"Баланыздың неге бейім екендігін байқадыңыз ба?" тақырыбында әңгімелесу.	"Біз бір аптада не істедік" тақырыбындағы көрме ұйымдастыру.

Тексерілді: Ж.Ж.Жакенова.

Ж.Ж.Жакенова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын - орталығы.

Тобы: «Жұлдыз-ай» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 08-12 сәуір 2024 жыл

Күнтәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (физикалық, коммуникативтік іс - әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, Кенес беру	Медбикеден кенес. "Тазалық – денсаулық кепілі". (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсат. Ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде оқу құралдарын тарату және оқу құралдарын орындарына жинау іскерліктеріне ынталандыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік танымдық-зияткерлік іс - әрекет)				
	"Шарбақ жанында жатқан доп". Мақсаты. Балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде ұғымдар қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру. (шығармашылық, коммуникативтік іс - әрекет)	"Біздің айналамызда не бар?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Екі және үш буынды сөздерді бөліктерге бөлуге, сөздің әр бөлігін айтуға үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)	"Табиғатта не болады?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Етістіктің сөйлеу барысында қолданылуын бекіту, сөйлемдегі сөздердің келісімі. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)	"Андар не істей алады?" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Балалардың андар мен құстардың қимылдарын байқауға, сәйкес еліктеу қимылдарын жасауға ынталандыру. (шығармашылық, коммуникативтік әлеуметтік-эмоционалды іс - әрекет)	"Ұшады, жүзеді, жүреді" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Тілдің лексикалық жағын дамыту (етістік сөздігін кеңейту) (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)
Танертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығу кешені № 1 (сәуір айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Досынды тауып ал» Ойынның мақсаты: достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Балаларды екі топқа бөледі, бір топтағы балалардың көздерін орамалмен байлайды да, оларға бөлменің ішінде жүруді ұсынады және көздері байланбаған құрдастарын тануы қажет екендігі айтылады. Балалар досының қолын, шашын, киімін ұстап тануына болады. Балалар достарын тапқаннан кейін ойыншылар рөлдермен алмасады.				

(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)					
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қапшаны басына қойып, тіке жүруге үйрету. (коммуникативтік физикалық іс - әрекет)</p>	<p>Музыка Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сөздің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; Жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық . Сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; Бірғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; (коммуникативтік , шығармашылық, іс - әрекет)</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларды екі аяқпен секіруге (аяқтар алшак) үйрету; тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; қимылды ойын арқылы допты тордан өткізе лақтыру іскерліктерін дамыту. (коммуникативтік , физикалық, іс - әрекет)</p>	<p>Қазақ тілі Педагог жоспары бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларды допты тура нысанға оң және сол қолмен тік нысанаға көздеп лақтыру; Нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын дамыту; Қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын арттыру; оқу қызметін пысықтау. (физикалық, танымдық-зияткерлік іс - әрекет)</p>
Серуенге дайындық	<p>Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)</p>				
Серуен	Жол қиылысын бақылау.	Желді бақылау. Мақсаты:	Аспанды бақылау. Мақсаты: Балаларды	Құстарды бақылау. Мақсаты: Құстарды	Ауа температурасын Мақсаты. Балаларға

	<p>Мақсаты:Бағдаршам туралы білімдерін бекіту; Жаяу жүргіншілердің мінез-құлық ережелері туралы түсініктерін кеңейту; Көшеде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз тамшылармыз".</p> <p>Мақсаты: қос қатар құруды, кең шеңбер құруды үйрету; ұжымдық іс-әрекеттің келісімділігін, жылдам реакциясы мен тапқырлығын жаттықтыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>	<p>Ленталар көмегімен балаларды желдің күшін анықтауға шақыру, желдің бағытына назар аудару, Айту, қандай жел (күшті, әлсіз, жылы, суық, көктемгі) (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Маралдарды аулау".</p> <p>Мақсаты: Ойын ережелерін сақтауға, педагогтің берген белгісі бойынша әрекет етуге, ептілікті, жүгіру жылдамдығын дамытуға үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>	<p>аспанмен байланысты ауа-райының сипаттамаларын атауға үйрету, көктемде қандай аспан болатынын айту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Тегіс жолда".</p> <p>Мақсат: Баяу қалыппен жүруді, секіріп, тізе бүгуді үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>	<p>сыртқы түрінен атап, ажырата білуге үйрету, олардың әдеттерін, қай жерде өмір сүретінін және немен қоректенетінін, қандай пайда әкелетінін білу. Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жұбынды қуып жет".</p> <p>Мақсаты: Спорттық ойындарға қатысу дағдыларын дамыту, физикалық дамуға ықпал ету. (коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>	<p>ауаның температурасын байқауға үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Біз көңілді балалармыз",</p> <p>Мақсаты: Балаларды ойын ережелерін сақтауға, мәтінге сәйкес әрекет етуге үйрету, физикалық белсенділікті дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>
Серуенненоралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы	<p>"Көктем белгілерін ажыратамыз" дидактикалық ойыны.</p> <p>Мақсаты: Балаларды тез ойлауға тәрбиелеу. Ойын ойнайту. Қөктем мезгілінің</p>	<p>Ойын-жаттығу "Құрақ көрпе".</p> <p>Мақсаты. Балаларды ұжым ортасында түрлі үшбұрыштардан құрылған құрақ көрпе бейнесін фломастермен салу</p>	<p>Ойын-жаттығу "Төлдерді күтейік".</p> <p>Мақсаты. Балалардың екі тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыру және теңдестіру</p>	<p>Ойын-жаттығу "Мысық тақпағын жаттау".</p> <p>Мақсаты. Балаларды мысық туралы тақпақпен таныстыру, көркем сөзді жатқа айтуға үйрету, үй</p>	<p>Ойын-жаттығу "Бір үзім нан".</p> <p>Мақсаты: Балаларды "Бір үзім нан" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар</p>

басқа әрекеттер)

<p>ажырату Балалар, суреттерді тезірек қойып шығу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет) Ұлттық ойын. Көтермек Ортаға екі ойыншы бала шығады. Бір-біріне арқаларын беріп тұрады. Белгі бойынша кім бірін-бірі арқада көтеріп алса, сол бала жеңіске жетеді. Женіске жеткен бала ойында қала береді де басқа балалармен бірге күш сынасады. (әлеуметтік-эмоционалды, физикалық іс - әрекет)</p>	<p>амалдарына үйрету; Үлкен көрпе құрамындағы үшбұрыштар сұлбасы ізімен басып жүріп. Үш бұрыш ішін қалаған ою түрлерімен безендіруде жаттықтыру. (шығармашылық, коммуникативтік физикалық іс - әрекет) "Гүлдердің атауын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Гүлдердің атауларын атау іскерліктерін жетілдіру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>дағдыларын жетілдіру; Саны өзара тең, аз немесе көп, биіктігі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру нәтижесін тұтастыру. Беттестіру арқылы тексеру, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу іскерлігін тиянақтау; (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет) "Мысық пен тышқан" қимылды ойыны. Педагог: - Балалар, бұл ойын сендерге жақсы таныс, көп болды "Мысық пен тышқан" ойынын ойнаған жоқпыз. -Ойынның ережесін естеріңе салайын. "Мысық пен тышқан" ойынында педагог балаларды шеңберге тұрғызады. -Бір бала мысықтың, екінші бала тышқанның рөлінде ойнаулары қажет. (әлеуметтік-</p>	<p>жануарының дене ерекшеліктері мен тіршілік ерекшеліктері жөнінде білімдерін жетілдіру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет)</p>	<p>ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; шығарма мазмұнындағы сөздердің мағынасын түсіндіру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет) Ұлттық ойын. Қасқыр мен лақтар Алдымен қасқырдың рөлін орындайтын ойыншыны таңдап алады. Қалған балалар – лақтар. «Лақтар» залдың бір жағында, ал «қасқыр» ортасында тұрады. Мынадай сөздерді қайталайды: «Бөрте, бөрте, бөрте лақ, Бөрте лақ тым ерке-ақ. Кетесің кейде секендеп, Байламаса көкем кеп». Лақтар залдың қарсы бетіне жүгіріп өтуге тырысады. «Қасқыр» залдың ортасында жүгіріп жүреді және әрі-бері жүгіріп өткен лақтарды ұстап алуға тырысады. Ойын қайталанады. «Қасқырды» қайта сайлайды.</p>
--	--	--	---	---

			эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет)		(әлеуметтік- эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)
Балалармен жеке жұмыс	Балалармен Тыныс алу жаттығуы. Қолға алып шарды, Үрлеймін мен былай. Уф-ф-ф. Үрлеймін деп қатты, Жарып алдым шарды. Пах. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)	Сулейменов Муслим Серикжан Томирис "Нәркес" өлеңін жаттау. Наурыз біте құлпырады қырларда Нәзіктіктің жаршысындай нәркесгүл. Нақ сұлулық сипатына сын бар ма? Нәркесгүлден нәр аласың көрсен бір. А. Исабек (әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс -әрекет)	Сулейменов Муслим Жеңіс Ахмет Артикуляциялық жаттығу. "Сағат" - тілді жіңішкертіп ұстап оңға, солға жайлап қозғау керек. Осылай санап отырып 15-20 рет қайталау керек. "Саңырауқұлақ" - ауызды кең ашып, тілді таңдайға жапсыра ұстап тұрып, төменгі жақты басып ауызды кең ашып ұстау. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік шығармашылық іс -әрекет)	Балалармен "Мысық" саусак жаттығу. Пеш түбінде мысық отыр, (Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі жұмылады. Ортаң терек) Екі көзін қысып отыр. (Ортаң терек пен кішкене бөбек көздері боп саусақтарды қимылдатады). Тышқан етін жегісі кеп, (Бас бармақ, ортаң терек, шылдыр шүмек үшеуі бір-бірін қапай қозғалтады) Тісі оның қышып отыр. (танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс -әрекет)	Сулейменов Муслим Жеңіс Ахмет Серикжан Томирис Туған өлкем Кенсің дала, Туған ана. Көйлегің кен, көк ала, Жан беретін Тән беретін Мейірімді ана сен ғана. С.Сейфуллин (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)
Балалардың үйіне қайтуы	Ата-аналарға кеңес. "Мектепке дейінгі жастағы балаларды отансүйгіштікке тәрбиелеу."				

Тексерілді: Ж.Ж. Жакенова.

жау

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын -орталығы

Тобы: «Жұлдыз-ай» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 15-19 сәуір 2024ж

Күнтәртібініңкезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балалардықабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік физикалық іс -әрекет)				
Ата-аналарменәңгімелесу, Кенесберу	Ата-аналармен "Үйдегі ойын бұрышы" тақырыбында кеңестер беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарқарау және тағы басқаәрекеттер)	<p>"Еңбекке баулу" Мақсаты: Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүрту. (әлеуметтік-эмоционалды,коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>				
	<p>"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; балаларды өсімдіктерді түсіне қарай топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>	<p>"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)</p>	<p>Ойын-жаттығу "Ағаштар мен бұталар". Мақсаты. Балалардың ағаштар мен бұталар атаулары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; ағаштар мен бұталарды бір-бірінен ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен байқампаздығын дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік</p>	<p>Саусак жаттығуы. «Тұқым себу». Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. (әлеуметтік-эмоционалды, шығармашылық іс -әрекет)</p>	<p>Ойын-имитация (қимылды жаттығу) "Жас қарағай". Мақсаты. Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>

			шығармашылық іс - әрекет)		
Таңертенгі жаттығу	Таңертенгі жаттығу кешені №2 (сәуір айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>Шаттық шеңбері Мақсат. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Жарық болсын күніміз, Жарқын болсын үніміз. Елін сүйіп ер жетер, Біз болашақ гүліміз. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүтіру Қабілетін қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік қиғаш тақтайдың үстімен жүруге жаттықтыру. (физикалық, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Музыка Балаларды түрлі қарқындағы музыканы тындауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; Дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; Қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету. (физикалық,</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларды шеңбердегі өз орнын табу (бағдары бойынша) дағдыларын қалыптастыру; Еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; ептілікті дамыту; оқу қызметін пысықтау. (физикалық, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Қазақ тілі Педагог жоспары бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларда арқан бойымен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтау; Жылдам (10-20 метр) қарқында жүтіру; Тізені биікке көтере отырып жүру дағдыларын жетілдіру; Қимыл белсенділігін дамыту. (физикалық, коммуникативтік іс - әрекет)</p>

		коммуникативтік шығармашылық іс - әрекет)			
Серуенгедайындық	Өзіне-өзі қызмет көрсетуге деген ұмтылысын қолдау: белгілі реттілікпен киінуге және шешінуге, тісті тазалауға, ұқыптылыққа, киіміндегі олқылықтарды байқауға, оларды ересектің көмегімен немесе өз бетінше реттеуге, ас ішу құралдарын орнымен қолдануға баулу. (физикалық, коммуникативтік іс -әрекет)				
Серуен	<p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау. Мақсаты: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p> <p>Мақсаты: Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". Мақсаты: Балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>	<p>Жаяу жүргіншілер жолын бақылау. Мақсаты: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал" Мақсаты: Балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету, ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту. (коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>	<p>Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау. Мақсаты: көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, ересектердің жұмысына деген құрмет сезімін тәрбиелеу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Дәл тигіз". Мақсаты: нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. (коммуникативтік физикалық, танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>	<p>"Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты серуендеу. Мақсаты: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік шығармашылық іс -әрекет)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". Мақсаты: Балаларды жүгіруге жаттықтыру, ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру. (коммуникативтік шығармашылық іс -әрекет)</p>	<p>Бұлттарды бақылау. Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс -әрекет)</p> <p>Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". Мақсаты: Ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. (коммуникативтік физикалық іс -әрекет)</p>

<p>серуеннен оралу</p>	<p>Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. (коммуникативтік физикалық іс - әрекет)</p>				
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Ойын-жаттығу "Жер мен су" әңгімесін оқып беру". Мақсаты. Балаларға судың көктем мезгіліндегі жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын әңгімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Ойын-жаттығулар "Әртүрлі арықтар". Мақсаты. Балалардың "оң жақ", "сол жақ", "жоғары", "төмен", "ортасы" ұғымдарын түсінуін тиянақтау, заттардың ұзындығы жөніндегі түсініктерін жетілдіру; адамның көктемгі жұмыстарын, мезгіл құбылыстарын қайталау (коммуникативтік физикалық, іс - әрекет)</p>	<p>Ойын-жаттығу "Гүлденген баубақша". Мақсаты. Балаларды көлденең жатқан қағаз бетіне, төменгі тұзу сызыққа қарындашпен бірнеше ағашты қатарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына мақта таяқшаларымен нүктелі жақпалар қойып, жаңа атып жатқан бүршіктерді салу амалына жаттықтыру. (коммуникативтік шығармашылық, танымдық-зияткерлік іс - әрекет)</p>	<p>«Мейірімділік ағашы» Мақсаты: «ягі істер» туралы түсінік қалыптастыру, зейін, есте сақтау қабілеттерін дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік шығармашылық іс - әрекет)</p>	<p>Қимылды ойын. Мысық пен тышқан «Мысық» пен «Тышқанды» тандап алады. Қалған балалар қол ұстасып шеңбер құрайды. Ойыншылар тышқан келгенде қолдарын көтереді де, тышқанды шеңбердің ішіне кіргізеді, мысық келгенде қолдарын түсіріп, оны шеңбердің ішіне кіргізбейді (коммуникативтік физикалық, шығармашылық іс - әрекет)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балалармен Тыныс алу жаттығулары "Түлкіні тап" ойыны. Мақсаты: Тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріннің артынан бірін ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! (коммуникативтік физикалық, әлеуметтік - эмоционалды іс - әрекет)</p>	<p>Серикжан Томирис еркін тандалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу. (коммуникативтік физикалық, әлеуметтік - эмоционалды іс - әрекет)</p>	<p>Сүлейменов Муслим "Шеберхана" үстел үсті ойыны. "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын ұйымдастырып, етік түрлерін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік түрлерін және ою түрлерін таратады. (коммуникативтік шығармашылық, әлеуметтік - эмоционалды іс - әрекет)</p>	<p>Женіс Ахмет, Серикжан Томирис Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар». Мақсаты: тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. (коммуникативтік шығармашылық, әлеуметтік - эмоционалды іс - әрекет)</p>	<p>Сүлейменов Муслим «Түрлі-түсті гүл шоғы». Мақсаты. эмоционалды көңіл-күйін көтеру. (шығармашылық, физикалық, әлеуметтік - эмоционалды іс - әрекет)</p>
<p>Балалардың үйіне қайтуы</p>	<p>Балалардың балабақшадағы тәртібі жайлы әңгімелесу.</p>				

Тексерілді: *Жауф* Ж.Ж.Жакенова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы Р.Асубаев атындағы ЖББМ «Айгөлек» шағын -орталығы

Тобы: «Жұлдыз-ай» ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі 22-26 сәуір 2024 жыл

Күнтәртібініңкезеңдері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (коммуникативтік физикалық, әлеуметтік -эмоционалды іс -әрекет)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналарға "Үйде балалардың бос уақытын қалай тиімді өткізуге болады?" тақырыбында кеңестер беру, әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	<p>"Еңбекке баулу" Мақсаты: Үстелдің үстіне ыдыс-аяқтарды, нан салатын ыдысты, шыны аяқтарды, шұңғыл табақты, майлық салатын ыдыстарды, тамақ ішу жабдықтарын: қасық, шанышқы, пышақты қойып шығу іскерліктерін дамыту. (коммуникативтік физикалық, әлеуметтік -эмоционалды іс -әрекет)</p> <p>Иллюстрациялық суреттерді құрастыру Мақсаты. "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. Ой қабілетін дамыту. Құрал жабдықтарды келістірту. Түстерді ажырату. (коммуникативтік шығармашылық іс -әрекет)</p>	<p>"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты: Суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Ойлау қабілетін жетілдіру. Әр бала санына 15 дана суреттер жинағы. (коммуникативтік танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>	<p>"Үй құрылысының ретін көрсет". Мақсаты: Түстерді ажыратуға жаттықтыру. Ойлау қабілеттерін, қабылдау. Ес, зейін үрдістерін дамыту. Құрал-жабдықтары: баланың саны бойынша әртүрлі түсті жолақтар, пішіндер, үй суретінің үлгісі. (коммуникативтік шығармашылық танымдық-зияткерлік іс -әрекет)</p>	<p>«Әдепті сөздер шеңбері» Мақсаты: сыпайы қарым-қатынас жасауға үйрету. Зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады. Ой қабілетін дамыту. (коммуникативтік, шығармашылық іс -әрекет)</p>	<p>"Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Мақсаты: балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; Басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. (коммуникативтік әлеуметтік -эмоционалды іс -әрекет)</p>

Танертенгі жаттығу	Танертенгі жаттығу кешені №2 (сәуір айына арналған)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	<p>«Достық көмек» мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу. Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді. Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді сұрайды. (коммуникативтік физикалық,әлеуметтік -эмоционалды іс -әрекет)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	<p>Дене шынықтыру Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету. (физикалық коммуникативтік, әлеуметтік - эмоционалды іс - әрекет)</p>	<p>Музыка Балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың шығармасын тереңірек түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы әңгімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру. (шығармашылық,</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру. (физикалық коммуникативтік, әлеуметтік - эмоционалды іс - әрекет)</p>	<p>Қазақ тілі Педагог жоспары бойынша</p>	<p>Дене шынықтыру Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру. (физикалық коммуникативтік, әлеуметтік - эмоционалды іс - әрекет)</p>

		коммуникативтік, іс-әрекет)			
Серуенге дайындық	Кінізу: Серуенге шығу, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)				
Серуен	<p>Желді бақылау Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру: салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p> <p>Қимылды ойын: «Қарғалар» Мақсаты: Жылдамдыққа, ептілікке баулу (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>Құстарды бақылау. Мақсаты: құстардың аттарын атап үйрету. Торғай мен сауысқанның айырмашылығын табуға және олар туралы айта білуге жаттықтыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p> <p>Қимылды ойын: Жүгіріп келіп ұзындыққа секіру Мақсаты: Ирелең жолмен жүруге, қос аяқпен секіруге (аяқ бірге-аяқ алшақ) үйрету. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>Күннің көзін бақылау. Мақсаты: балаларға күннің сәулесінің пайдасын түсіндіру, өсімдіктер мен жәндіктер, барлық тірі табиғат үшін маңыздылығын білгізу. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p> <p>Қимылды ойын: Тігінен тұрған нысанаға лақтыру. Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекіту; шағын топпен тұру; педагогтің соңынан жүру; жүгіру. (физикалық, шығармашылық коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>Аспанды бақылау Мақсаты: табиғаттың әдемілігін сезініп, «аспан» сөзімен танысту, табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу, тілде рін дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p> <p>Қимылды ойын. «Ұшты-ұшты» Мақсаты: заттарды ажыратуға, аттарын есте ұстауға шапшаңдыққа зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>	<p>Күнді бақылау Мақсаты: балаларға адамдар, жануарлар мен өсімдіктер әлемі үшін күннің маңызы зор екендігін ұғындыру. Қыста күн қысқарады, жылуы аз болады, сондықтан қыста күн суық болатындығы туралы түсінік беру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс-әрекет)</p> <p>Қимылды ойын. «Батылдар» Мақсаты: Жылғалар мен шалшықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу. Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. (физикалық, коммуникативтік іс-әрекет)</p>
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды	<p>Ойын-жаттығу "Ғажайып табиғат әлемі". Мақсаты. Балалардың</p>	<p>Ойын-жаттығу "Достық шеңбері ойындар тізбегі". Мақсаты. Балаларға</p>	<p>Ойын-жаттығу "Зәулім үй". Мақсаты. Баланы тіке жатқан қағаз бетінде</p>	<p>Ойын-жаттығу "Қазақтың туыстық атаулары". Мақсаты.</p>	<p>«Сыпайы өтініш» Мақсаты: балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу.</p>

<p>ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар арқарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>көктемгі табиғаттың ғажайып құбылыстары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен қызығушылықтарын дамыту. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет)</p>	<p>сөздік ойындар мен жаттығулар барысында достық туралы ұғымдар қалыптастыру, әдептілік ережелерімен таныстыруды жалғастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік шығармашылық іс - әрекет)</p>	<p>тік төрт бұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуда машықтау. (танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Балаларды қазақтың туыстық атауларымен таныстыра отырып, әр туыстық атаудың мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақтың ұлттық ерекшелігінен туындағанын түсіндіре отырып, шығарманың мазмұнын, мұқият тындай білуге үйрету және жаттату. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет)</p>	<p>(әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет)</p>
<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балалармен Саусақ жаттығуы. "Достық" Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік физикалық іс - әрекет)</p>	<p>Серикжан Томирис "Достық" тақырыбында әңгімелесу. Мақсаты: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Сүлейменов Муслим Жеңіс Ахмет Серикжан Томирис Жаңылтпаңтар жаттау. 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ орап. 3. Қырда қырау Қызыл ала бұзау. (танымдық-зияткерлік, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Сүлейменов Муслим «Адал достар» Мақсаты: ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік іс - әрекет)</p>	<p>Сүлейменов Муслим Жеңіс Ахмет Серикжан Томирис "Достық" өлеңін жаттау. Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттық баласы Достығымыз жарасқан. Ортақ бізге бір Отан, Ортақ жердің байлығы Еңбек ортақ, жыр ортақ, Ортақ бізге барлығы. (әлеуметтік-эмоционалды, коммуникативтік)</p>

					физикалық іс -әрекет)
Балалардың үйіне қайтуы	Психолог кеңесі. "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?"	"Тез тамақтанудың зияны" тақырыбында кеңес.	"Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу.	"Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу.	"Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру.

Тексерілді: *Мағф.* Ж.Ж. Жақенова.